«Келісті»
МКҚК «Айголек» бөбекжайы
Әдіскер:____________
Голда Е.С.

Бекітемін
«Айголек» бөбекжайының
м.а меңгерушісі ____________
Абдахметова М.Д.

МКҚК «Айголек» бөбекжайы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқутыдың оқу жоспары
және оқу бағдарламасы негізінде 2023- 2024 оқу жылына

арналған ұйымдастырылған
іс әрекеттінің перспективалық жоспары

«Балапан» ортаңғы топ

Тәрбиешілер: Ашимова Б.К. Шаяхметова Н.Б.

2023-2024жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы**: «Айголек» бөбекжайы
**Топ** «Балапан» кіші
**Балалардың жасы** 2- жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 2023-2024 оқу жылы қыркүйек-мамыр айы

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене шынықтыру** | Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған - отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | - айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді;<br>- дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды; |
| | **Көркем әдебиет** | ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сенсорика** | заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; |
| | **Қоршаған ортамен танысу** | - тірі және өлі табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту; |
| | **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан құрастыру.<br>- әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; |
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу:<br>-сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; |
| | **Жапсыру** | - дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;<br>- бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау; |
| | **Сурет салу** | түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>- түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>**Ән айту.**<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>- бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар**: педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту; |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Ттақпақтардың интонациясын қабылдауды; кейіпкерлердің пайда болуын, олардың өзара әрекеттерін қадағалауға; |
| | **Сенсорика** | Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз-қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. |
| | **Қоршаған ортамен танысу** | - Табиғи материалдардың қасиеттерімен (құм шашылады, құмнан қуыршақтарға ыдыс мүсіндеуге болады) таныстыру; |
| | **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан құрастыру. бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу:<br>сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; |
| | **Жапсыру** | Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>- желімдеудің техникасы;<br>- ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі; |
| | **Сурет салу** | балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды -стетикалық қатынасын тәрбиелеу. |
| | **Музыка** | Музыка тыңдау.<br>түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау;<br>Ән айту.<br>әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қараша** | **Дене шынықтыру** | Негізгі қимылдар: бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін), шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу;<br><br>Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен, лентамен еденде 10-20 см қашықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру; 10-15 см биіктен секіру; |
| | **Сөйлеуді дамыту** | - сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | - ертегілердегі, әңгімелердегі, өлеңдердегі қарама-қарсы бейнелерді түсінуді; |
| | **Сенсорика** | Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау.<br><br>-көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; |
| | **Қоршаған ортамен танысу** | Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау - суреттен жануарларды тауып, атау; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан құрастыру.<br>- ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру;<br>- көп түсті құрылым құрастыру; |
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу:<br>- алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру. |
| | **Жапсыру** | - желімдеудің техникасы;<br>- ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі; |
| | **Сурет салу** | балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды стетикалық қатынасын тәрбиелеу. |
| | **Музыка** | Музыка тыңдау.<br>- пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытады;<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>- әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау; |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Желтоқсан** | **Дене шынықтыру** | Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен, жол бойымен, әртүрлі заттардың: доғаның, орындық, үстел, арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Ауданы 50 х 50 см, биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу;<br><br>Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай), баланың көзінің және кеудесінің тұсынан әртүрлі заттардың астымен 0,5-1,5 м арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату; |
| | **Сөйлеуді дамыту** | -Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | - таныс тақпақтарды қайталауды;<br><br>- ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету. |
| | **Сенсорика** | - түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен танысу** | - жануарлардың сипаттық ерекшеліктерімен таныстыру, дене бөліктерін (танау, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білу; |
| | **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан құрастыру.<br><br>- қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру. |
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу:<br><br>- алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру. |
| | **Жапсыру** | - желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу,<br><br>- жаймадағы дайын пішіндерге жағу;<br><br>- желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалану. |
| | **Сурет салу** | - Сюжеттіксурет салу, ойлауыбойыншасурет салу.<br><br>- Қоршаған әлемнің, өнер туындыларының әсемдігіне, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа ұлттардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br><br>- Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге баулу |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыка** | Музыка тыңдау.<br><br>- балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады;<br><br>- ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау.<br><br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br><br>- жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау;<br><br>- сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қаңтар | **Дене шынықтыру** | Қолды кеудеде айқастыру және екі жағына жазу, артына жіберу, шапалақтау. Таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою, табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған - отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | - сөйлеудің дыбыстық мәдениетін;<br>- дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) мен сөздерді анық айту, дыбыс аппаратын дамыту.<br>- қолдың ұсақ моторикасын дамыту;<br>- артикуляциялық гимнастика өткізу. |
| | **Көркем әдебиет** | - ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сенсорика** | - түрлі әрекеттерде заттардың сенсорлық қасиеттерін бейнелеуде, құрастыруда ескеру; |
| | **Қоршаған ортамен танысу** | -көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, сәбіз, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; |
| | **Құрастыру** | - құрылыс материалдарынан құрастыру;<br>- құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша тану |
| | **Мүсіндеу** | - бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру. |
| | **Жапсыру** | - заттардың орналасу, олардың арасында арақашықтықтың сақталу заңдылығы;<br>Сюжеттік жапсыру.<br>Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету. |
| | **Сурет салу** | Заттық сурет салу.<br>- төртбұрышты пішіндегі заттарды бейнелеу, оларды дөңгелек пішіндегілермен үйлестіру;<br>Сюжеттіксурет салу, ойлауыбойыншасурет салу.<br>-суретсалудыңдәстүрліеместәсілдерінқолдану; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыка** | Музыка тыңдау.<br>- түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>Ән айту.<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>- бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Ақпан** | **Дене шынықтыру** | Негізгі қимылдар:<br>- бірқалыпты жүру, жан-жаққа және берілген бағытқа шеңбер бойынша қолдарының әртүрлі қалыптарымен, аяқтың ұшымен, шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, жұптасып, қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру, едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан, бөренеден, текшеден, гимнастикалық таяқшадан аттап жүру;<br>- бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін), шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | - түрлі дауыс жоғарылығымен, қарқынымен, биіктігімен дыбыстарға еліктеуші сөздерді айтуды;<br><br>- сөйлеу тілінің екпіні мен ырғағына сәйкес жаңғырта білуді;<br><br>- сөз тіркесінде, сөйлемде сөздер мен дыбыстарды айтуын бекітуді қалыптастыру. |
| | **Көркем әдебиет** | -ересектердің тақпақтарды, өлеңдерді, әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсету, ертегілерді әңгімелеуіне тұрақты қызығушылық танытуды; |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Наурыз | **Дене шынықтыру** | Негізгі қимылдар: тепе-теңдікті сақтау. жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м), гимнастикалық орындықтың үстімен, еңіс тақтайдың үстімен (ені 25 см, бір басы 15-20 см көтерілген) жүру, заттарға шығу гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модулге және тағы басқа) тұру, қолын жоғары көтеру, түсу, заттардан (биіктігі 10-15 см), шеңберден шеңберге аттау, төрттағандап тақтаның үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергіден (таспалардан, текшелерден және тағы басқа) аттау, орнында баяу айналу. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | - тілдік қатынасты, ауызша сөйлеуді;<br>- ыдыс-аяқ, киім, жиһаздарды және күнделікті өмірде олармен әрекет жасауды білдіретін сөздерді, сөз таптарын қолдануды;<br>- заттардың белгілерін білу, жануарлар мен олардың төлдері, көкөністер, жемістер, өсімдіктер, еңбек әрекеттерін білдіретін сөздерді қолдануды қалыптастыру. |
| | **Көркем әдебиет** | - шығарманың мазмұнын түсіну және эмоциалы қабылдау, ойында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеуді; |
| | **Сенсорика** | - заттардың санын ажырату (біреу — көп); |
| | **Қоршаған ортамен танысу** | ауладағы ересектердің еңбегін (аула сыпырушының еңбегін); |
| | **Құрастыру** | - қағаздан құрастыру. Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Мүсіндеу** | Сәндік мүсіндеу.<br><br>Әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту. |
| | **Жапсыру** | Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br><br>- табиғи материалмен жұмыс істеу, олардан зат жасау;<br><br>- қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады. |
| | **Сурет салу** | Сәндік сурет салу.<br><br>Бейнелеу әрекетіне, халық шығармашылығының туындыларына деген қызығушылықты тәрбиелеу. Қазақ ою-өрнектері элементтерінің суретін салу дағдыларын бекіту. Қазақ мәдениетінің тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br><br>-ойлаубойыншадербессурет салу. |
| | **Музыка** | Музыка тыңдау.<br><br>- балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады;<br><br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br><br>- сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Сәуір | **Дене шынықтыру** | Сауықтыру-шынықтыру шаралары:<br>- балаларды шынықтыру серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерімен ауа, су шараларының үйлесімділігімен қамтамасыз етіледі. Жергілікті және жалпы шаралар қолданылады;<br>- балалар жылдың салқын мезгілінде, ауа температурасы 15°С төмен болмағанда, 4-5 қабат киіммен далаға шығып, серуендей алады;<br>- ауа ваннасы бала күніне бірнеше рет киінгенде жүргізіледі, ұзақтығы 2-3 минуттан 6-10 минутқа дейін артады; |
| | **Сөйлеуді дамыту** | - қарапайым сұрақтарға жауап беруді;<br>- сөздің интонациямен аяқталуын меңгеруді қалыптастыру.<br>- сөйлеудің диалогтық түрлерін дамытуды;<br>- оқығандары және көргендері туралы сұрақтар қоя білу, ойыншықтар, суретте бейнеленгендер туралы айтып беруді; |
| | **Көркем әдебиет** | - мереке туралы қуаныш, мақтаныш сезімдері берілген қысқа тақпақтарды жаттауды; |
| | **Сенсорика** | әртүрлі көлемдегі заттарға (үлкен үй-кішкентай үй, үлкен матрешка - кішентай матрешка, үлкен доп-кішкентай доп және т.б) және оларды сөйлеуде атауға назар аудару біліктерін қалыптастыру. |
| | **Қоршаған ортамен танысу** | аулаға ұшып келетін құстарды (торғайлар, көгершіндер,қарғалар);<br>- үй құстарын (тауық, қораз,үйрек); |
| | **Құрастыру** | - қағаздан құрастыру. Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру.<br>Әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту. |
| | **Жапсыру** | Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>- қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады.<br>Сюжеттік жапсыру.<br>- геометриялық элементтерден өрнек құрастыруға үйрету. |
| | **Сурет салу** | - балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардыңкөркемдікқабылдауларындамыту; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыка** | Музыка тыңдау.<br>- ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>- жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау; |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Мамыр** | **Денешынықтыру** | Ересектің бақылаумен ойын әрекеттерің (спорттық, би) орындауға,қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге,бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулау. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | кітаптағы суреттерді қарау, олардың мазмұны бойынша сұрақ жауаптар құрастыру, көлемі бойынша шағын өлендер мен тақпақтар жаттауды бекіту.Кейіпкерлердің әрекеттерін(қимылдарын)қайталатып ойнату. |
| | **Көркем әдебиет** | Балаларды педагогтың сөзін түсінуге,сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіскестерін (сын есім зат есім, зат есім етістік) құрауға үйрету. |
| | **Сенсорика** | көлемі,пішіні,түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады. |
| | **Қоршаған орта** | Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.<br>Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі.<br>Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.Көлік құралдарының кейбіртүрлерімен таныстыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Құрастыру** | Құрылыс материалдарының (текшелер,кірпіштер)негізгі пішінін ажыратып, құрастыру. |
| | **Сурет салу** | Түрлі түсті қарындаштармен, фломастердің, гуашьтің төрт түсімен сурет салу дағдыларын қалыптастыру |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауға дағдыландыру |
| | **Жапсыру** | Фланелеграфтың кенебің қолдану арқылы қарапайым композицияларды құрастыруға машықтандыру. Қағазға «қошқармүйіз», «көз»оюларын орналастыруды үйрету. |
| | **Музыка** | Әндегі қайналанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**

**Негізінде2023– 2024 оқу жылына арналған**

**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы «Айголек» бөбекжайы
Топ «Балапан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 оқу жылы қыркүйек-мамыр айы

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс- әрекет** | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене шынықтыру** | Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру; |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру (ойыншықтар, киімдер, аяққиімдер, ыдыстар, жиһаздар). |
| | **Көркем әдебиет** | Тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп оқиды. |
| | **Қазақ тілі** | заттарды ортақ белгілеріне қарай топтастыру қабілеті (ойыншықтар, киімдер, аяқ киімдер, ыдыс-аяқтар, жиһаздар). |
| | **Математика** | Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру. Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету; |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Бір- бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау. заттар мен олардың |

| | | |
|---|---|---|
| | | шамасын, түсін, пішінін ажырату және атау, қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру; |
| | | |
| | **Құрастыру** | Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану; |
| | | |
| | **Сурет салу** | Көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн) |
| | **Мүсіндеу** | Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. |
| | **Жапсыру** | Желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу. |
| | **Музыка** | Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қазан** | **Дене шынықтыру** | Жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына және т.с.с. жүгіру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; |
| | **Көркем әдебиет** | ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға; |
| | **Қазақ тілі** | мұғалімнің талабы бойынша қарапайым әрекеттерді орындауға үйрету (бер, алып кел, ал), сөздік қорын молайту. |
| | **Математика** | бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау |
| | **Қоршаған ортамен танысу** | Көлік, байланыс құралдары. |
| | **Құрастыру** | қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру |
| | | |
| | **Сурет салу** | бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі-түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Мүсіндеу** | алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, |

| | | |
|---|---|---|
| | | ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру. |
| | **Жапсыру** | бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау; |
| | **Музыка** | Музыка тыңдау:<br>Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | **Дене шынықтыру** | Жалпы дамытушы жаттығуларҚол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау. 3-4 жасқолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Дауысты (а, ә, е, о, ұ) таныстыру. Сөздік қор.Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br><br>Байланыстырып сөйлеу:<br><br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, |
| | **Көркем әдебиет** | Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, Таныскітаптардағысуреттердібалалармен біргеқарастыру, оларғасуреттердіңмазмұнытуралыэмоционалдытүрдеайту, балалардыңпікірлерінтыңдау. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |
| | **Қазақ тілі** | Тілдікдамытушы орта. Балалардыңересектерменжәнеқұрдастарыменқарым-қатынасжасауынажағдайжасау: бір-біріменкүнделіктіеркінойында,өзбетіншекітаптардықарауға,құрдастарынесімімментолық, дұрысатауға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, 36 естуді дамыту. |
| | **Математика** | Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Сан.«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардыңсанынажыратуғаүйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртектізаттардытоптастыружәнеолардыңбіреуінбөліпкөрсету, қоршағанортаданбірнемесебірнешебірдейзатты табу, «қанша? неше?» сұрағынажауап беру. |
| | **Құрастыру** | құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. |
| | | |
| | **Қоршаған ортамен танысу** | отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарымқатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Жапсыру** | жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, 41 түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. |
| | **Музыка** | Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>Ән айту.<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс- әрекет** | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Желтоқсан** | **Дене шынықтыру** | Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу 31 және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөздік қор.Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>Кітаптардағы суреттерді өзбетінше, басқа балалармен бірге карауды үйрету.<br>Көрген суреттері бойынша өз ойын айтуды қалыптастыру.<br>Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну. |
| | **Қазақ тілі** | Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің |

| | | |
|---|---|---|
| | | атауларын айту |
| | **Математика** | Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. |
| | **Құрастыру** | Пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.<br>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. |
| | **Сурет салу** | Сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана білу.<br>Құмға таяқшалармен, бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. |
| | **Жапсыру** | Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауға үйрету. |
| | **Музыка** | Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. |
| | **Қоршаған ортамен танысу** | Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, |

| | | |
|---|---|---|
| | | дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс- әрекет** | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қаңтар** | **Дене шынықтыру** | Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| | **Көркем әдебиет** | Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. |
| | **Қазақ тілі** | Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. |
| | **Математика** | геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. |
| | **Құрастыру** | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, |

| | | |
|---|---|---|
| | | призмаларды ажырата білуге үйрету. |
| | **Сурет салу** | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету |
| | **Жапсыру** | Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. |
| | **Музыка** | Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. |
| | **Қоршаған ортамен танысу** | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс- әрекет** | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру** | Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды |

| | | |
|---|---|---|
| **Ақпан** | | үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. |
| | **Көркем әдебиет** | шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. |
| | **Қазақ тілі** | Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Математика** | Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол |
| | **Құрастыру** | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. |
| | **Сурет салу** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, |

| | | |
|---|---|---|
| | | қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. |
| | **Мүсіндеу** | Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Жапсыру** | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. |
| | **Музыка** | Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. |
| | **Қоршаған ортамен танысу** | Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс- әрекет** | **Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру** | Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен |

| | | |
|---|---|---|
| Наурыз | | тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. |
| | **Көркем әдебиет** | Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. |
| | **Қазақ тілі** | Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. |
| | **Математика** | Көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. |
| | **Құрастыру** | Атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| | **Сурет салу** | Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап |

| | | |
|---|---|---|
| | | суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. |
| | **Жапсыру** | Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. |
| | **Музыка** | Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалықшығарманыиллюстрациялармensалыстырабілудіқалыптастыру. |
| | **Қоршаған ортамен танысу** | Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Сәуір** | **Денешынықтыру** | Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеудідамыту** | Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| | **Көркемәдебиет** | Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |
| | **Қазақ тілі** | Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. |
| | **Математика** | Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| | **Құрастыру** | Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. |
| | **Сурет салу** | Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, 41 түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру |
| | **Музыка** | Балалар аспаптарының, музыкалық |

| | | |
|---|---|---|
| | | ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердіңорындауындағыжәне аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауғаүйрету. |
| | **Қоршаған ортамен танысу** | Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Мамыр** | **Денешынықтыру** | Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. |
| | **Сөйлеудідамыту** | Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар |

| | | |
|---|---|---|
| | | айту. |
| | **Көркем әдебиет** | Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. |
| | **Қазақ тілі** | Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. |
| | **Математика** | Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. |
| | **Құрастыру** | Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру |
| | **Сурет салу** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану |
| | **Мүсіндеу** | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). |
| | **Жапсыру** | Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | **Музыка** | Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен танысу** | «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023– 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** «Айголек» бөбекжайы
**Топ** «Балапан» ересек тобы
**Балалардың жасы** 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 2023-2024 оқу жылы қыркүйек-мамыр айы

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру** | Жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау; |
| **Қыркүйек** | **Сөйлеуді дамыту** | Жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру (ойыншықтар, киімдер, |

| | | |
|---|---|---|
| | | аяқ киімдер, ыдыстар, жиhаздар) |
| | **Көркем әдебиет** | ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға; |
| | **Қазақ тілі** | объектілерді және олардың орналасқан жерін атау және анықтау мүмкіндігі |
| | **Математика негіздері** | Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Көлік түрлерінің қолданысы (әуе, су, жерде жүретін көліктер); |
| | **Құрастыру** | орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру; |
| | **Сурет салу** | көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн); |
| | **Мүсіндеу** | сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; |
| | **Жапсыру** | ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі; |
| | **Музыка** | Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; |

| Айы | Ұйымдастырылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қазан** | **Дене шынықтыру** | Секіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру), 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; бір орында оңға, солға бұрылып секіру, баланың қолын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту, 4–5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см), 20–25 см биіктікке секіру; бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет оң және сол аяқпен). Қысқа секіртпемен секіру (демалу үзілістері бар 2–3 реттен 10 секіру); |
| | **Сөйлеуді дамыту** | тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет** | Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету |
| | **Қазақ тілі** | Дыбыстық сөйлеу мәдениеті:<br>1) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға үйрету; қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айту,ә, ө; 2)заттардың белгілерін, санын, қимылын білдіретін сөздерді айтуға үйрету; |
| | **Математика негіздері** | Жиын: заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.<br>Сан, санау: Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға, "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету.<br>балаларды геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб,шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету |
| | **Құрастыру** | Құрылыс материалынан құрастыру.<br>3) үлгі бойынша құрастыру;<br>4) умаждау, жырту, шиыршықтауды қолданып, қағаз парақтарын көлемді пішіндерге айналдыру.умаждау, жырту, шиыршықтауды қолданып, қағаз парақтарын көлемді пішіндерге айналдыру. |
| | **Сурет салу** | Сәндік сурет.<br>элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру;дөңгелек пішінді заттарды салу; |
| | **Мүсіндеу** | пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды; |
| | **Жапсыру** | ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. |
| | **Қоршаған орта** | **Тірі және жансыз табиғат объектілері мен** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **құбылыстары:**<br>1) жансыз табиғат объектілері – су, жер, ауа, күн туралы білімдерін кеңейту<br>2) табиғат құбылыстары туралы түсініктерді қалыптастыру: жел, жаңбыр.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** адамдардың күзгі, қысқы әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі:**<br>балалардың бөлме өсімдіктері, олардың ерекшеліктері туралы білімдерін байыту.<br>**Бала, оның отбасы, үй:**<br>баланың өзі және оның жағдайы туралы түсінігін кеңейту. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету;<br>амандықтар және ересектердің еңбегі туралы; |
| | **Музыка** | Музыка тыңдау.<br>әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау;<br>Ән айту.<br>дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету;<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру;<br>**Би.** Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | **Дене шынықтыру** | Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет** | түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру. |
| | **Қазақ тілі** | Тілдік дамытушы орта.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. |
| | **Математика негіздері** | Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Сан, санау<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. |
| | **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. |
| | **Сурет салу** | Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. |
| | **Мүсіндеу** | Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. |
| | **Жапсыру** | Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, |

| | | |
|---|---|---|
| | | кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. |
| | **Қоршаған орта** | Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. |
| | **Музыка** | Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс- әрекет** | **Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Желтоқсан** | **Дене шынықтыру** | Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама қарсы антоним сөздермен байыту. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. |
| | **Қазақ тілі** | Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. |
| | **Математика негіздері** | 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. |
| | **Құрастыру** | Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. |
| | **Сурет салу** | Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. |
| | **Жапсыру** | Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қоршаған орта** | жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. |
| | **Музыка** | Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс- әрекет** | **Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Қаңтар** | **Денешынықтыру** | Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренenің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін |

| | | |
|---|---|---|
| | | тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. |
| | **Көркем әдебиет** | Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| | **Қазақ тілі** | Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Математика негіздері** | Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. |
| | **Құрастыру** | құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру |
| | **Сурет салу** | Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. |
| | **Мүсіндеу** | Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. |
| | **Жапсыру** | Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. |
| | **Қоршаған орта** | Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық |

| | | |
|---|---|---|
| | | дәстүрлерді бағалауға баулу. |
| | **Музыка** | Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс- әрекет** | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Ақпан** | **Дене шынықтыру** | Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді 53 есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету |
| | **Көркем әдебиет** | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы |

| | | |
|---|---|---|
| | | әрекеттердің дамуын қадағалау. |
| | **Қазақ тілі** | Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді. |
| | **Математика негіздері** | Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. |
| | **Құрастыру** | Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. |
| | **Сурет салу** | сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. |
| | **Мүсіндеу** | Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. |
| | **Жапсыру** | Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. |
| | **Қоршаған орта** | Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. |
| | **Музыка** | Әуенді таза және сөздерді 63 анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс- әрекет** | **Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері** |
| --- | --- | --- |
| **Наурыз** | **Дене шынықтыру** | Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен |

| | | |
|---|---|---|
| | | қағып алу (қатарынан 3–4 рет). |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. |
| | **Көркем әдебиет** | Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. |
| | **Қазақ тілі** | Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. |
| | **Математика негіздері** | Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілеу.<br>Бірнешезаттыөсужәнекемуретімен 57 орналастырып, салыстыру. |
| | **Құрастыру** | Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау |
| | **Сурет салу** | Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). |
| | **Мүсіндеу** | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу |
| | **Жапсыру** | Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, |

| | | |
|---|---|---|
| | | киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. |
| | **Қоршаған орта** | Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. |
| | **Музыка** | Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Сәуір** | **Дене шынықтыру** | Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығулардызаттарменжәнезаттарсызорындау. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. |
| | **Көркем әдебиет** | Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. |
| | **Қазақ тілі** | сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. |
| | **Математика негіздері** | Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр) |
| | **Құрастыру** | Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |
| | **Сурет салу** | Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақхалқыныңсәндік-қолданбалыөнерітуралыбілімдерінкеңейту |
| | **Мүсіндеу** | Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. |
| | **Жапсыру** | Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру. |
| | **Қоршаған орта** | Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көліктежұмысістейтінадамдарғасыйластықтанытуғат әрбиелеу. |
| | **Музыка** | Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Мамыр** | **Денешынықтыру** | Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір |

| | | |
|---|---|---|
| | | қолдан екінші қолға беру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. |
| | **Көркем әдебиет** | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| | **Қазақ тілі** | Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. |
| | **Математика негіздері** | Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең. |
| | **Құрастыру** | Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. |
| | **Сурет салу** | Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Мүсіндеу** | Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу |
| | **Жапсыру** | Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. |
| | **Қоршаған орта** | Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. |
| | **Музыка** | Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. |